

## 2010 жылға арналған халықтың нысаналы топтарын айқындау туралы

Костанай облысы Лисаков қаласы әкімдігінің 2010 жылғы 1 ақпандағы № 43 қаулысы. Костанай облысы Лисаков қаласының Эділет басқармасында 2010 жылғы 12 наурызда № 9-4-159 тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы Заңының 31-бабы 1-тармағының 13) тармақшасына, "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы Заңының 5-бабы 2-тармағына, 7-бабының 2) тармақшасына сәйкес, халықты әлеуметтік қорғаудың нысандарын анықтау кезінде бірыңғай тұрғысын жасау мақсатында Лисаков қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ**

### Е Т Е Д І :

1. Халықтың нысаналы топтары болып мынадай санаттар айқындалсын:

1) т а б ы с ы а з а д а м д а р ;

2) жиырма бір жасқа дейінгі жастар;

3) балалар үйлерінің тәрбиеленушілері, жетім балалар мен ата-ананың қамқорлығынсыз қалған жиырма үш жасқа дейінгі балалар;

4) кәмелетке толмаған балаларды тәрбиелеп отырған жалғызлікті, көп балалы а т а - а н а л а р ;

5) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен асыраудың тұрақты күтімді, көмекті немесе қадағалауды қажет етеді деп танылған адамдары бар а з а м а т т а р ;

6) зейнеткерлік жас алдындағы адамдар (жасына байланысты зейнеткерлікке шығуға е к і ж ы л қ а л ғ а н ) ;

7) м ү г е д е к т е р ;

8) Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері қатарынан босаған адамдар;

9) бас бостандығынан айыру және (немесе) мәжбүрлеп емдеу орындарынан б о с а т ы л ғ а н а д а м д а р ;

10) о р а л м а н д а р ;

11) жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру үйымдарын бітірушілер;

12) жұмыс беруші – заңды тұлғаның таратылуына не жұмыс беруші – жеке тұлғаның қызметі тоқтатылуына, қызметкерлер санының немесе штатының қысқаруына байланысты жұмыстан босатылған адамдар;

13) жұмыссыз ретінде жұмыспен қамту мәселелері бойынша өкілетті органдада тіркелген елу жастан асқан тұлғалар;

14) он екі және одан артық ай ұзақ жұмыссыздықты бастан кешірген адамдар;

15) жиырма бір жастан жиырма тоғыз жасқа дейінгі жастар;  
16) қолайлыштың болмаған жағдайда жұмыссыз ретінде жұмыспен қамту мәселелері бойынша өкілетті органда тіркелген тұлғалар.

2. Осы қаулы оны алғаш рет ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн еткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Лисаков қаласының әкімі*

*B. Радченко*

*КЕЛІСІЛДІ*

*"Лисаков қаласы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" ММ бастығы*

*Г. Бермухамбетова*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК